Текелі қалалық мәслихатының VIII шақырылымының кезектен тыс L сессиясының
ХАТТАМАСЫ

Текелі қаласы 2026 жылғы 4 қыркүйек
сағат 09-30.

Төрағалық етуші: Тугулбаев Бауыржан Ертайұлы.

Қатысқандар: Калыгұлова Нурсулу Бексултанқызы, Бекбатыров Берік Кәрімұлы, Жұмаділов Тұрысбек Әкімханұлы, Секенов Марлен Айдынұлы, Қожабек Арман, Керімбаев Рахым Құсайынұлы, Сандыбаев Сакен Жасланұлы.

Сессияға белгілі себептермен келмеген депутат: Буймов Захар Дмитриевич.

Сессияның жұмысына Жетісу облысының әкімі Б. Исабаев қатысты.

Төрағалық етуші Тугулбаев Бауыржан Ертайұлы сессияның ашылуын және күн тәртібіндегі сұрақты бекітуді дауысқа салды.

Депутаттар бір ауыздан шешім қабылдады.

Күн тәртібінде:

1.Текелі қаласының әкімін тағайындауға келісім беру туралы.

2. Өзге сұрақтар.

Сессияның күн тәртібіндегі мәселе бойынша Жетісу облысының әкімі Б. Исабаев сөз алды. Ол, қазіргі уақытта елімізде жүзеге асырылып жатқан әкімшілік реформасына байланысты облысымыздың бірқатар аудан, қала әкімдері арасында кадрлық өзгерістер орын алғаны туралы айтты.

Облыс әкімі мәслихат депутаттарына Бекетаев Айдос Халиоллаұлының өмірбаянын, қызметтік тізімін оқыды. Бейбіт Өксікбайұлы, Бекетаев Айдос Халиоллаұлының кандидатурасын Текелі қаласының әкімі қызметіне тағайындалуына келісім беруді ұсынды.

Төрағалық етуші Тугулбаев Бауыржан Ертайұлы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 32-бабына сәйкес, мәслихат депутаттары қала әкімінің қызметіне тағайындалуына келісім беретінін мәлімдеп, Текелі қаласы әкімінің қызметіне Бекетаев Айдос Халиоллаұлының тағайындалуына келісім беру мәселесін дауысқа қойды.

Депутаттар бір ауыздан, Текелі қаласы әкімінің қызметіне Бекетаев Айдос Халиоллаұлын тағайындауға келісім беру туралы шешім қабылдады.

Сессияның екінші сұрағы бойынша Текелі қалалық мәслихатының 2026 жылғы 25 маусымдағы «Текелі қаласы әкімдігінің жанындағы кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияның құрамын құру туралы» № 46-192 шешіміне өзгерістер енгізу туралы шешім жобасы қаралды.

Депутаттар шешімнің жобасын талқылады.

Сессия төрағасы шешім жобасын жекелей дауысқа қойды.

Депутаттар бір ауыздан шешім қабылдады.

Текелі қалалық мәслихатының VIII шақырылымының кезектен тыс L сессиясының жұмысы аяқталды.

.

Текелі қалалық
мәслихатының төрағасы _____ **Б.Тугулбаев**